

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

"Балақайға көмектесеміз" атты ұйымдастырылған оқу қызметі.(тәжірибе әдісі)ЖАРИЯЛАНДЫ
10.08.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/105713/>

Тақырыбы: «Балақайға көмектесеміз» атты ұйымдастырылған оқу қызметі.(тәжірибе әдісі)

Мақсаты: Балалардың су, ауа және магнит қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;

Судың, ауаның, магниттің қасиеттерін білдіретін сөздердің арқасында балалардың сөздік қорын байыту.

Зейінді, қиялды, логикалық ойлауды, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.

Балаларды қоршаған адамдарға жауапкершілікпен және достық қарым-қатынаста тәрбиелеу.

Әдістер -тәсіл: балалар эксперименті, проблемалық жағдай әдісі, ойын, көрнекі, практикалық, ауызша, триз.

Сабаққа арналған материалдар: әуе шарлары, рюкзактар, планшет, шағын акустикалық жүйе, шыныаяқтар, тұз, қант, гуашь, магнит, көлге еліктейтін көк мата, «күшік іздері», үйшік, құлып, контейнерде әртүрлі материалдардан жасалған заттар.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар топтық бөлмеде ойнайды. Кенеттен Карлсон пайда болады

(ол шарлармен музыкаға ұшады)

Карлсон: О! Мен сәтті қондым. Сәлеметсіз бе, ұлдар! Сәлеметсіз бе, қыздар! Сіздер мені таныдыңыз деп үміттенемін? Ия, мен, шатырда тұратын Карлсонмын! Мен балақайдың туған күніне жиналып, сыйлық пен шар сатып алдым. Бірақ мен ұшып бара жатқанда, менің пропеллерім сынып қалды, мен осы жерге қонуға мәжбүр болдым.

Балақайдан қоңырау соғылады.

«Сәлем Карлсон, менің күшігім жоғалып кетті. Маған оны табуға көмектесіңізші. Мен онсыз мұңайамын».

Карлсон:Балалар,сіздер маған кішкентай күшікті табуға көмектесесіздер ме? Менде әртүрлі заттар бар жол сөмкесі бар, олар бізге пайдалы болуы мүмкін. Күшікті табу үшін немен баруға болады ? Пропеллер жұмыс істемейді ғой. (Балалардың жауаптары).

Карлсон:Мен шарларды қолдануды ұсынамын. Сіздер қарсы емессіздер ма? Мен сіздерге ауа арқылы ұшып келдім. Ауа барлық жерде бар, біз ауамен дем аламыз. Мұрын арқылы демалып, алақанымызға үрлейміз.Ауаны сезіндіңіздер ма?.

Ауа қандай түсті деп ойлайсыз? Біз оны көреміз бе?

Балалар: Жоқ.

Карлсон:Оны ұстап алуға тырысайық (Карлсон жол сөмкесінен пакеттерді алады). Балалар ауаны пластикалық пакеттермен ұстауға тырысады. Ұстадық. Мен ұстап алдым. Пакеттегі ауа қандай түсті? (балалардың жауаптары: көрінбейтін, мөлдір, түссіз).Балалар,біз ұшуымыз керек. Қанеки, болыңыздар.

Карлсон:Қараңыздар, көл!Қонайық.

Кішкентай су перісінен қоңырау соғылады .

«Сәлем, Карлсон, бұл кішкентай су перісі! Мен күшікті көрдім, ол суға секірді және бәрі жері су болды. Ол су туралы ештеңе білмейді екен, ал сен су туралы білесің бе, Карлсон?»

Карлсон:Балалар,келіңдер бірге анықтайық? Біз су туралы не білеміз? Қазір аздап тәжірибе жасайық. Үстелге жақындап,отырыңыздар.

Тәжірибе №1.

Балалар, судың иісі бар ма? Оны иіскейік. (иісі жоқ).

Судың дәмі бар ма? Көрейік? (Ол дәмсіз). О, менің жол сөмкемде тұз бен қант бар.

Бір стақан суға қант салып, араластырайық.

Балалар, сіз қалай ойлайсыз, судың дәмі қандай болды? (Тәтті). Дәмін көрейік.

Енді басқа стакан суға тұз саламыз, судың дәмі қандай болады? (Тұздалған). Тексереміз.

Судың қандай дәмі бар? Су оған салынған заттың дәмін алады. Иә. Қант салған едік, тәтті болды, тұз салсақ тұзды болды. Дұрыс!

Тәжірибе № 2

Карлсон :— Тағы бір эксперимент жүргіземіз бе? Сіздердің алдыларыңызда бояу бар, оны мұқият алыңыздар және стакандағы таза суға щеткамен қосыңыздар. Араластырыңыздар. Жарайсыздар, сіздерде түрлі-түсті шыныаяқтар пайда болды! Су өзінің түсін өзгерте алады екен.

Темур, сізде қандай түсті су бар? Неліктен? (мен бояуды қостым). Су өзінің түсін өзгерте алады.

Тәжірибе №3

Карлсон: Бір қасықты таза су стаканына, ал екіншісін бояуы бар стаканға түсірейік. Стаканның қайсысында қасық көрінеді? Қайсысында көрінбейді? Неліктен? (Мөлдір стаканда қасық көрінеді).

Жарайсыздар, балалар, енді су туралы не білгеміңізді есімізге түсірейік! Және су перісіне жауап берейік.

(Су иіссіз, дәмсіз, мөлдір, бірақ егер оған бояу қоссақ, түрлі түсті болады, қант немесе тұз қоссақ дәмге ие бола алады).

Карлсон: Міне, біз тапсырманы шештік. Ендеше шаршаған боларсыздар, бір дем алайық.

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай бөбектер

Үлкен болып өседі.

Карлсон: Балалар, мына жердегі іздерді қараңыздар. Олар кімдікі деп ойлайсыз? (Балалардың жауаптары) мүмкін күшіктікі болар, осы із арқылы барайық. Олар бізді қайда апарарды? (іздер күшіктің үйшігіне әкелді).

Балалар, қараңыздар, күшіктің үйшігі! Бірақ оған құлып пен тапсырма ілулі. Тапсырманы оқыйық: «Күшікті босату үшін кілтке қолыңызды тигізбестен алыңыз. Егер сіз тапсырманы орындасаңыз, онда сіз күшікті құтқарасыз».

Карлсон: Қызық екен, қолымызды тигізбей кілтті қораптан қалай алуымызға болады? Келіңіздер, ойланайық. Кілт қандай материалдан жасалған деп ойлайсыз? (балалардың жауаптары)

Темірді өзіне не тартатынын кім біледі? Алақай, таптым және сіздерге де үйретемін. Ал, менің жол сөмкем қайда? Менің жол сөмкемде әртүрлі заттар көп, мұнда не бар екенін қараңыз. Міне, магнит. Көрейік магнитпен кілтті алуға боларма екен. Мен

барлықтарыңызға магнит беремін, біз бірге кілтті алуға тырысамыз (балалар кілтті алады).

Сен кілтті немен алдың? Қолмен бе? Жоқ. Магнитпен. Магнит неге қарындаш, допты өзіне тартпағанын білесіздер ма? (жоқ). Магнит тек темір және металл заттарды ғана өзіне тартады.

Карлсон құлыпты ашып, күшікті үйшігінен шығарады.

Карлсон: Көмектеріңіз үшін рахмет, біз күшікті тауып, босаттық. Балалар, із тапсырманы орындадық па? Күшік таптық па? Сіз күшік іздеген кезде қызықты нелерді білдіңіз (су, ауа, магнит туралы білімді бекіту). Енді мен күшікті сәбиге апаруым керек, ол ренжімеуі керек. Бізге үйге қайтатын уақыт болды. Біз ұшып келген шарлар қайда? Міне, олар! Ұшайық. Балабақша. Қонайық.

Сіздер маған көмектесіп, балақайды қиындыққа қалдырмағаныңыз үшін мен сіздерге осы әуе шарларын беремін, мен балақайға басқа әуе шарларын апарамын. Рахмет, сіздер өте мейірімді және өжет екенсіздер. Мен балақайға сіздер және көмектескеніңіз туралы айтып беремін. Қош болыңыздар, мен ұшып кеттім. *Балақайдан бейне жазу.*

«Менің күшігімді тапқандарыңыз үшін рахмет!»

ҚМ АА Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.